



Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан біржақты тәртіппен әзірленген және жұмыс берушінің зиян келтіруі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы Сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Жұмыс берушінің зиян келтіруі үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың нақты шарты бойынша тараптардың міндеттемелерін айқындайтын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалады.

### Мазмұны

1-бап. Жалпы ережелер.....	1
2-бап. Сақтанушы. Пайда алушы.....	2
3-бап. Сақтандыру объектісі.....	2
4-бап. Сақтандыру жағдайлары.....	2
5-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу.....	2
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	5
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы.....	5
8-бап. Франшиза.....	6
9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	6
10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.....	7
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	8
12-бап. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелі ұлғаюының салдары.....	10
13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеті.....	10
14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	11
15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.....	12
16-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	13
17-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация).....	13
18-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.....	13
19-бап. Ерекше талаптар.....	15
20-бап. Дауларды шешу тәртібі.....	16

### 1-бап. Жалпы ережелер

- Осы Ережелердің талаптарында «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Сақтандырушы**) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – **Сақтандыру шарты**) жасасады.
- Осы ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - Зиянды өндірістік фактор** – белгілі бір жағдайларда қызметкерге әсер етуі оның ауруға шалдығуына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соғатын өндірістік фактор.
  - Өндірістегі жазатайым оқиға** – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындау кезінде оған өндірістік фактордың әсер етуі, соның нәтижесінде қызметкер жарақат алған, денсаулығы кенеттен нашарлаған немесе уланған, бұл оның еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуына, кәсіптік ауруға не өліміне әкеп соққан жағдай.
  - Кәсіптік ауру** - қызметкердің созылмалы немесе жіті ауруы не улануы, ол зиянды өндірістік фактордың әсер етуінің нәтижесі болып табылады.
  - Кәсіби еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің нақты жағдайларда белгілі бір біліктілік, көлем және сападағы жұмысты орындау қабілеті.
  - Жалпы еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің еңбек шартында көзделген еңбек міндеттерін орындау қабілеті.



- 6) **Кәсіби еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесі** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі.
- 7) **Сақтандыру жағдайы** – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі не денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан оқиға, оның басталуымен қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру шарты сақтандыру төлемін көздейді.

#### **2-бап. Сақтанушы. Пайда алушы**

1. Сақтандыру шарттары мүдделеріне еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде материалдық залал келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына, бұдан әрі **Сақтанушы** деп аталатын, жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысандарына қарамастан) жасалады.
2. **Пайда алушы** болып зардап шеккен қызметкер, ал қызметкер қайтыс болған жағдайда - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқығы бар тұлғалар табылады

#### **3-бап. Сақтандыру объектісі**

Сақтандыру объектісі жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оның өмірі не денсаулығына зиян келтіру нәтижесінде туындайтын міндеттемелер бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

#### **4-бап. Сақтандыру жағдайлары**

1. Мыналарға әкеп соққан оқиға:
  - 1) қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығына және/немесе
  - 2) қызметкердің еңбекке қабілеттілігін толық немесе ішінара жоғалтуына (мүгедектікке) және/немесе
  - 3) қызметкердің \_\_\_\_\_ өліміне, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде болған жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру нәтижесінде болса, **Сақтандыру жағдайы** болып табылады.
2. Зиянның туындау себептері қасақана сипатта болмауы тиіс.

#### **5-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу**

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың жалпы негіздерінен басқа, егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде орын алса, Сақтандырушы жауапты болмайды және Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
  - 1) Сақтанушының/қызметкердің өрт қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында белгіленген өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзуы;
  - 2) Сақтанушының/**Пайда алушының** (оның жұмыскерлерінің/отбасы мүшелерінің) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде болуы және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдануы кезіндегі әрекеттері/әрекетсіздігі;
  - 3) террористік актілер және үшінші тұлғалардың саяси себептермен жасалған құқыққа қарсы әрекеттері;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған әрекет фактісін дәлелдейтін сот шешімдері, үкімдері, қаулылары немесе өзге де құжаттар негізінде солай деп танылған, қызметкердің өзіне дене жарақатын қасақана келтіруі (әдейі өзін-өзі зақымдауы);
  - 5) қызметкердің өз-өзіне қол жұмсауы (өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасауы);



- 6) егер өлімге әкеп соққан жазатайым оқиға психикалық аурумен ауыратын немесе сақтандыру жағдайы сәтінде есі дұрыс емес күйде болған қызметкермен болған болса, не қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденген өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізу жағдайларын қоспағанда, кез келген кенеттен және созылмалы аурулардың нәтижесінде, қызметкердің табиғи өлімі, тікелей немесе жанама түрде психикалық аурудан туындаған өлім;
- 7) қызметкердің спорттың кез келген түрімен және белсенді демалыспен айналысуы;
- 8) эпилепсиялық немесе құрысу ұстамалары және басқа да психикалық бұзылулар, сондай-ақ қызметкердің кез келген кенеттен және/немесе созылмалы аурулары;
- 9) қызметкердің кез келген ауруының, оның ішінде кәсіптік ауруының нәтижесінде, кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға әкеп соққан;
- 10) психикалық жарақаттар мен депрессия, ақыл-ой және психикалық бұзылыс, шок, нәсілдік және жыныстық кемсіту, жала жабу және ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге нұқсан келтіру, сондай-ақ қызметкерді заңсыз ұстау.
- 11) кәсіптік ауру не өзге де кез келген ауру.
2. Сақтандырушының Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мынадай мән-жайлар да негіз болуы мүмкін:
  - 1) **Сақтандыру жағдайының** Шарт күшіне енбеген кезеңде басталуы;
  - 2) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламау, сақтанушының еркінен тәуелсіз себептерге немесе дәлелді себептерге байланысты болған және Сақтанушы осы фактіні растайтын құжаттарды ұсынған жағдайларды қоспағанда;
  - 3) осы Ережелерде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынбау (не толық көлемде ұсынбау);
  - 4) зиян келтіруге кінәлі тұлға **Пайда алушы** болып табылса;
  - 5) Сақтанушының кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясының/рұқсатының қолданылуы тоқтатылған, кері қайтарып алынған немесе тоқтатылған кезеңде **Сақтандыру жағдайының** басталуы;
  - 6) уәкілетті органдардың сақтандыру жағдайы туралы қорытындысының болмауы;
  - 7) осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген форс-мажорлық мән-жайлар;
  - 8) Сақтанушының **Сақтандыру сыйлықақысын** немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
  - 9) Сақтанушының/қызметкердің/**Пайда алушының** Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
  - 10) Сақтанушының/**Пайда алушының** сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
  - 11) Сақтанушының / Пайда алушының / Зардап шеккен тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі), соның нәтижесінде сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға Сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмай қалса.
  - 12) Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
3. Сондай-ақ, Шарт бойынша мыналар өтелмейді:
  - 1) қызметкердің өмірі мен денсаулығына жұмыс уақытынан тыс кезде зиян келтіру;
  - 2) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар (көшірме жасауға, нотариаттық куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеу және т.б. шығыстар);
  - 3) Сақтанушының моральдық зияны және тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ Сақтандырушыдан өтеуге талап етілген моральдық зиян мен тұрақсыздық айыбы;
  - 4) Сақтанушының/**Пайда алушының** айырылып қалған пайдасы;
  - 5) қызметкердің мүлкіне келтірілген зиян;
  - 6) үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;



- 7) газдардың, булардың, сәулелердің, сұйықтықтың, ылғалдылықтың, жауын-шашынның, соның ішінде күйенің, түтіннің, шаңның және басқа да атмосфералық емес жауын-шашын мен шөгінділердің тұрақты және ұзақ әсер етуінің салдары болып табылатын зиян (егер залал кенеттен туындаса, бұл ұзақ әсер ету болып саналмайды);
  - 8) асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест бар кез келген өнімдердің, сондай-ақ радиоактивті изотоптардың әсер етуі нәтижесінде туындаған залалдар;
  - 9) Сақтанушының меншік құқығымен өзіне тиесілі не өзге де заңды (құқықтық) негіздерде өзінде тұрған мүлкіне келтірілген зиян;
  - 10) Шартта көзделген сақтандыру сомасынан жоғары келтірілген зиян;
  - 11) Сақтанушының өзіне қойылған талаптарды қарау жөніндегі шығыстары (өз персоналының жұмысы);
  - 12) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушыға салынған айыппұлдарды, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын және/немесе өзге де әкімшілік өндіріп алулар мен санкцияларды өтеу жөніндегі шығыстар;
  - 13) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін анықтау мақсатында жүргізілген сараптамаға арналған шығыстар, сараптама Сақтандырушының жазбаша ұсынымы бойынша жүргізілген жағдайларды қоспағанда;
  - 14) Сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.
4. Осы Сақтандыру шартындағы керісінше кез келген ережелерге қарамастан, осы Шарт сақтандырылған тұлға жауапты болатын барлық нақты немесе болжамды залалдарға байланысты, инфекциялық аурудан немесе инфекциялық ауру қаупінен (нақты немесе болжамды) тікелей немесе жанама түрде және бір мезгілде немесе кез келген реттілікпен әсер еткен кез келген басқа себепке қарамастан, не солардан туындаған, не солармен себептелген, не соларға ықпал еткен, не солардың нәтижесінде пайда болған немесе өзгеше түрде байланысты болған зиян, өтемақы, жарақат, ауру, өлім, медициналық шығыстар, қорғануға арналған шығыстар, шығындар немесе кез келген басқа сомалар бойынша сақтандыру қорғанысын бермейді.
5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген осы ескертпеге сәйкес, залал деп жоғалту, жауапкершілік, зиян, өтемақы, жарақат, ауру, өлім, медициналық төлемдер, қорғануға арналған шығыстар, шығындар, шығыстар немесе кез келген басқа сома, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, инфекциялық ауруларды тазалау, залалсыздандыру, жою, мониторингтеу немесе тестілеуге арналған кез келген шығындар түсініледі.
6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген осы ескертпеге сәйкес, инфекциялық ауру дегеніміз бір ағзадан басқа ағзаға кез келген зат немесе агент арқылы берілуі мүмкін кез келген ауру, егер:
- 1) зат немесе агент, басқаларымен қатар, оның тірі деп саналатынына не саналмайтынына қарамастан, вирусты, бактерияны, паразитті немесе басқа ағзаны немесе олардың кез келген түрлерін қамтыса, және
  - 2) тікелей немесе жанама беру әдісі, басқаларымен қатар, ауа-тамшы жолымен берілуді, дене сұйықтықтары арқылы берілуді, кез келген беттен немесе заттан берілуін, қатты, сұйық немесе газ тәріздес түрде немесе ағзалар арасында берілуді қамтыса, және
  - 3) ауру, зат немесе агент дене жарақаттарына, ауруларға, эмоциялық бұзылуларға, адамдардың денсаулығына, әл-ауқатына зиян келтіруі немесе материалдық залал келтіруі не сонымен қорқытуы мүмкін болса.
7. Шарт қандай жағдай болмасын зиян келтіру құралы ретінде кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті не өзге де кез келген электрондық жүйені қасақана пайдаланудан немесе қолданудан тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатылған немесе содан туындайтын залалдарды, зиянды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.
8. Осы Шарт кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді, не өзге де электрондық жүйені кез келген қаруды немесе снарядты іске қосу және/немесе



бағыттау және/немесе іске қосу механизмдері жүйесінде пайдалану нәтижесінде туындайтын залалдарды өтемейді.

9. Сақтандыру шартымен сақтандырудан алып тастаулардың өзге тізбесі және сақтандыруды өзге шектеулер көзделуі мүмкін.
10. Егер Сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
  - 1) үшінші тұлғаның (жәбірленушінің) жанама коммерциялық шығындары, жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды өндіру (қызметтер көрсету), шарттар (Шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзуына байланысты шығындары (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), үшінші тұлғалардың айырылып қалған пайдасы;
  - 2) моральдық зиян;
  - 3) сот және сараптамалық шығындар.

#### **6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

1. **Сақтандыру сомасы** - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
2. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:
  - 1) жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда сақтандыру шарты қолданылатын бүкіл кезең ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
  - 2) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;
  - 3) сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша, жиынтығында бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты өмірге және/немесе денсаулыққа зиян келтіргені үшін шекті жауапкершілік көлемі;
3. Сақтандыру шартында белгіленген шекті жауапкершілік көлемі шегінде Сақтандырушы өз келісімімен Сақтанушының өзіне қойылған талаптарды азайту мақсатында шығарған барлық шығыстарын өтейтін болады.

#### **7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы**

1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын **Сақтандыру сыйлықақысының** мөлшері сақтандыру объектісін, сақтандыру қорғанысы кезеңін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын, қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру бойынша тарифтік мөлшерлемелердің есебі мен экономикалық негіздемесіне сәйкес есептелген сақтандыру тарифтеріне сай есептеледі.
2. Сақтандыру шартымен жалпы **Сақтандыру сыйлықақысы** белгіленеді. Сондай-ақ Сақтандыру шартымен сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әрбір объект және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша **Сақтандыру сыйлықақысы** белгіленуі мүмкін.
3. Сақтандырушы төленуге жататын **Сақтандыру сыйлықақысының** мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына: Сақтанушының қызмет түріне, зиянды өндірістік фактордың болуына, жұмыскерлер санына, олардың қызметінің сипаты мен мамандығына, бұрын Сақтанушы жұмыскерлеріне зиян келтірілген оқиғалардың болуына, франшизаны қолдануға және т.б. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді пайдалануға құқылы.
4. **Сақтандыру сыйлықақысы** Сақтанушы тарапынан бір жолғы төлеммен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
5. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартында ескертілген мерзімдерде **Сақтандыру сыйлықақысын** (сақтандыру жарнасын) төлемесе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын **Сақтандыру сыйлықақысы** (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.



6. Егер **Сақтандыру жағдайы** мерзімі өтіп кеткен кезекті сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке жатқызуға құқылы.
7. Егер оның қолданылуы Сақтанушының **Сақтандыру сыйлықақысының** кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты Шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылған болса, Сақтандыру шарты қайта жаңғыртылуы мүмкін. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бұзылған сәттен бастап оны қайта жаңғырту сәтіне дейінгі кезеңде жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

#### **8-бап. Франшиза**

1. **Франшиза** — сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.
2. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Франшизаның мөлшері сақтандыру (полис) шартында ескертіледі:
- 1) Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер залал мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.
- 2) Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегеру арқылы өтеледі.
3. Франшиза не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолютті мөлшерде белгіленеді.

#### **9-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

1. Сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасының негізінде жасалады.
2. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасының негізінде жасалса, бұл өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал залалдар мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар, Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
5. Сақтанушы сондай-ақ сақтандырылатын мүлікке қатысты сақтандыру тәуекелін анықтау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге және Сақтандырушы талап еткен қосымша құжаттарды ұсынуға міндетті.
6. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді.
7. Егер Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушы тарапынан хабарланбаған деген негізде Сақтандыру шартын бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
8. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
9. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
10. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда тараптардың бір құжатты жасау жолымен немесе Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгілік талаптарға (осы ережелерге) қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін беруі (№ 1 қосымша) арқылы жасалады.
11. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуға тиіс:
  - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;



- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) **Сақтандыру жағдайын** көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) **Сақтандыру сыйлықақысының** мөлшерлері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы немесе жоқтығы туралы көрсету;
- 7) Сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысы;
- 8) егер сақтандыру қатынасының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға және **Пайда алушы** туралы мәліметтер;
- 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; мүліктік сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде тәуекелдің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін, шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау Сақтанушының міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және **Сақтандыру сыйлықақысының** валютасының түрі;
- 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) сақтандырылған тұлғаның (**Пайда алушының**) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету, егер ол сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (**Пайда алушы**) көрсетілген жағдайда сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса.
12. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының **Көшірмесін** береді, осыдан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
13. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:
  - 1) сақтандырылған тұлға туралы;
  - 2) сақтандырылған тұлғаның өмірінде басталған жағдайда сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (**Сақтандыру жағдайы**);
  - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
  - 4) Шарттың қолданылу мерзімі туралы.

**10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтанушы **Сақтандыру сыйлықақысын**, ал оны бөліп төлеу кезінде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданысын тоқтатады.
3. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалған кезде **Сақтандыру сыйлықақысы** жылдық сыйлықақының мынадай мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай болып есептеледі):

Мерзімі	1 ай және	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
---------	-----------	------	------	------	------	------	------	------	------	-------	-------



	одан аз										
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Бір жылдан астам мерзімге сақтандыру кезінде Сақтандыру шарты бойынша жалпы **Сақтандыру сыйлықақысы** әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін **Сақтандыру сыйлықақысы** мынадай формула бойынша есептеледі:  $Сс.т. = СТ \times (N/12)$ , мұнда: Сс.т. - толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам сақтандыру кезінде); СТ – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; N- толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысы айларының саны.
5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
6. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

### **11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

1. Сақтанушының құқығы бар:
  - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
  - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
2. Сақтанушы міндетті:
  - 1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
  - 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын мүлікті сақтандыру шарттарының барлығы туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
  - 3) **Сақтандыру сыйлықақыларын** Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
  - 4) Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;
  - 5) сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
  - 6) сақтандыру талаптарын орындауға (сақтандырылған тұлғалардың Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы Сақтанушының өзінің Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы болып бағаланады);
  - 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыны Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде хабардар етуге;
  - 8) сақтандыру жағдайынан болатын залалдың алдын алу немесе азайту үшін барлық ықтимал және орынды шараларды қабылдауға;
  - 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты ұсынуға;
  - 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
  - 11) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** Сақтандырушы не үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды



құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.

- 12) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
  - 13) Сақтанушы **Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан)** Сақтандырушы не үшінші тұлға тарапынан **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім талап етуге міндетті.
  - 14) Сақтанушы **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** Сақтандырушы не үшінші тұлға тарапынан **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** дербес деректерін өңдеуге келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда таратуға келісімнің болмауы, сондай-ақ осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
  - 15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі не мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы не жоқтығы туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
  - 16) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ **Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының)** Сақтандырушы не үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, **Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының**, сондай-ақ олардың серіктестерінің жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорлар мен картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда сақталатын дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды.
3. Сақтандырушының құқығы бар:
    - 1) кез келген орынды уақытта тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын инспекциялауға және тексеруге, ал Сақтанушы Сақтандырушы өкілдеріне сақтандырылатын тәуекелді бағалау үшін қажетті барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті;
    - 2) сақтандыру жағдайы фактісі бойынша тиісті құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
    - 3) сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға;
    - 4) жұмыскерлерді медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияларда куәландыру кезінде қатысуға;
    - 5) өз есебінен жұмыскерлерді сақтандыру алдындағы және мерзімінен бұрын медициналық куәландыруды жүргізуге.
    - 6) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
    - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
  4. Сақтандырушы міндетті:
    - 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
    - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда, Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;



- 3) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) шығарған орынды және мақсатқа сай шығыстарын өтеуге;
- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
  - Сақтанушының/ **Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының** Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – **ҚМА тізбесі**), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі – **ЖҚҚТҚ тізбесі**) болуы;
  - Сақтанушының /**Сақтандырылған тұлғаның** Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін сұратуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
  - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы ережелердің басқа тармақтарында көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

#### **12-бап. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелі ұлғаюының салдары**

1. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде Сақтанушы (сақтандырылған тұлға), егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:
  - сақтандыру объектісінің сипаттамаларының өзгеруі;
  - өндіріс технологиясының өзгеруі;
  - Сақтанушы қызметі түрінің өзгеруі;
  - жұмыскерлер санының көбеюі және т.б.Сақтандыру шартында тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әсер ететін өзге де елеулі өзгерістер де ескертілуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгертілуін және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай қосымша **Сақтандыру сыйлықақысының** төленуін талап етуге құқылы.
4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгертілуіне немесе қосымша **Сақтандыру сыйлықақысын** төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға **Сақтандыру сыйлықақысын** қайтару тәртібі Сақтандыру шартында белгіленеді.
5. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзудан келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге немесе, сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сай сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға, не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

#### **13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеті**

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:



- қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға;
  - уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар тарапынан оқиғаның құжаттық рәсімделуін қамтамасыз етуге;
  - өзі білген сәттен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиға туралы Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оған оқиға мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен болжамды мөлшерлері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен одан арғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер Сақтандыру шартында өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі көзделген болса, ол келісілген мерзімде және Шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;
  - Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға.
3. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, қандай да бір төлемдер жасамауға және осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге міндетті.
  4. Егер Сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету және қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін орынды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті жүктеледі.
  5. **Пайда алушы** Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы, оны Сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның жасаған-жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда хабардар етуге құқылы.
  6. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

#### **14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі**

1. Сақтанушының келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің дәлелі және оның кінәсінің дәлелі болып, атап айтқанда, мынадай құжаттар қызмет етеді:
  - 1) өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт немесе жұмысқа бара жатқан не жұмыстан қайтып келе жатқан жолда болған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру актісі;
  - 2) сот үкімі, сот шешімі, прокурордың, анықтау органы немесе алдын ала тергеу органының қаулысы;
  - 3) денсаулыққа зақым келу себептері туралы еңбек жөніндегі техникалық инспектордың не еңбекті қорғау жай-күйіне және еңбек туралы заңнаманың сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын басқа лауазымды тұлғалардың (органдардың) қорытындысы;
  - 4) кәсіптік ауру туралы медициналық қорытынды, көрсетілген алғашқы медициналық көмек туралы медициналық мекеменің анықтамасы, еңбекке жарамсыздық парағы, ауру тарихы, медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияның (МӘСК) қорытындысы, қызметкер қайтыс болған жағдайда - АХАТ-тың өлім туралы анықтамасының көшірмесі;
  - 5) құзыретті органдардың сақтандыру жағдайының басталғанын растауы (өртке қарсы қызмет, полиция және т.б.).
2. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, өрт қадағалау органдарынан, авариялық-техникалық қызметтерден, газ желісінің авариялық қызметтерінен), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.



3. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар орындай алады.
4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабарлайды.

#### **15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары**

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
  - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; зиян келтіруге әкеп соққан оқиғаның фактісі мен туындау себептерін айқындайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
  - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан Сақтанушының сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініші негізінде жүргізіледі.
3. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.
4. Сақтанушы сақтандыру төлемі туралы өтінішпен бір мезгілде Сақтандырушыға (түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін) ұсынуға тиіс:
  - 1) сақтандыру жағдайының мән-жайларына, оның себептеріне, залал мөлшеріне қатысты құжаттар (мұндайларға мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың қорытындылары, залал сомасының негіздемесі және т.б.) және басқа да құжаттар.
  - 2) қызметкерлердің немесе олардың мұрагерлерінің Сақтанушыға жазбаша наразылықтары, оларға Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс.
  - 3) Сақтанушыдан қызметкерлердің пайдасына залал сомасын өндіріп алу туралы сот органдарының шешімі (немесе оның көшірмесі) (егер оны Сақтандырушы талап етсе).
5. Сақтандыру қорғанысы тек материалдық залал үшін жауапкершілікке ғана таралады және моральдық зиян немесе айырылып қалған пайда үшін жауапкершілікке таралмайды.
6. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталуы нәтижесінде **Пайда алушыға** келтірілген нақты залал мөлшерінде, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.
7. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан:
  - 1) зардап шеккен қызметкердің жоғалтқан жалақы мөлшерін өтеу бөлігінде;
  - 2) **Пайда алушының** жоғалтқан табысын өтеу бөлігінде (қызметкер қайтыс болған жағдайда);
  - 3) зардап шеккен қызметкердің денсаулығына зиян келтіруден туындаған қосымша шығыстарды өтеу бөлігінде жүргізіледі.
8. Егер уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сол сақтандыру жағдайынан туындаған қызметкердің мүгедектігі не өлімі басталса, онда уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жүргізілген төлем сомасы бұл жағдайда төленуге тиіс сақтандыру төлемінен ұсталып қалады.
9. Залалдардың алдын алу немесе азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығыстар, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалса, тіпті тиісті шаралар нәтиже бермеген жағдайда да, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
10. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс, егер



шығыстар Сақтанушының Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан, толық мөлшерде өтеледі.

11. Сақтандырушы ықтимал залалдарды азайту үшін Сақтанушының өзіне қолжетімді және орынды шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
12. Сақтандырушы **Пайда алушыға** сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.
13. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

#### **16-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі**

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін, он күн мерзімде Сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға/**Пайда алушыға**) өз шешімі туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.
2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы тарапынан сотта шағымданылуы мүмкін.
3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар негіз болуы мүмкін:
  - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
  - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;
  - 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
  - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және ол келтірген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
  - 5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтанушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.
4. Егер Сақтандырушыға жарамсыз құжаттар ұсынылған болса, сақтандыру төлемі тиісті құжаттар ұсынылған сәттен бастап он күн мерзімде жүзеге асырылады.

#### **17-бап. Сақтанушының залалды өтеуге құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)**

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтандыру төлемін алу кезінде Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

#### **18-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

1. Егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:



- 1) Сақтандырушының Сақтанушы алдындағы (сақтандырылған тұлға, **Пайда алушы**) Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
  - 2) Сақтандыру шарты қолданылу мерзімінің аяқталуы;
  - 3) заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы, егер сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдамаса;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
  - 5) соттың Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
  2. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін Сақтандыру шарты тоқтатылуының болжамды күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
  3. Егер Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын мынадай мән-жайлардың бірі бойынша тоқтатылса:
    - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
    - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
    - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметінің белгіленген тәртіппен тоқтатылуы;
    - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің өмір сүруі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
    - 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
    - 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
    - 7) мынадай жағдайларда:
      - Сақтанушыны, **Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны** тиісті тексеру жөніндегі шараларды қабылдау мүмкін болмаған кезде;
      - іскерлік қатынастар ақшаны жылытату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіз болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзады.
- Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтатуға негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін **Сақтандыру сыйлықақысының** Сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оның ішінде: жасалған Сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және осы Сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны) шегере отырып, жалпы **Сақтандыру сыйлықақысының** 25 % мөлшерінде қайтарылады.
  5. Егер бұл Ережелер бөлімінің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлғаның сақтандыру полисінен бас тартуы себебі бойынша Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды **Сақтандыру сыйлықақысының** (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты алынған **Сақтандыру сыйлықақысынан** (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып, алынған **Сақтандыру сыйлықақысын** (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.
  6. Қарыз шартымен байланысты Сақтандыру полисі Сақтанушы-жеке тұлғаның Сақтандыру полисінен бас тартуы себебі бойынша, оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз



беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды **Сақтандыру сыйлықақысының** (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған **Сақтандыру сыйлықақысынан** (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып, алынған **Сақтандыру сыйлықақысын** (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

7. Сақтандыру ережелерінің осы бөлімінің 3 – 6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, **Сақтандыру сыйлықақысы** қайтаруға жатпайды.

8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және **Сақтандыру сыйлықақысын** төлемеген жағдайда, Сақтанушы бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға **Сақтандыру сыйлықақысын** толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын **Сақтандыру сыйлықақысынан** кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген **Сақтандыру сыйлықақысын** немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

#### **19-бап. Ерекше талаптар**

1. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы ережелерге сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.
2. Сақтандыру полисі мынадайлардың нәтижесінде туындаған залалды немесе жоғалтуды сақтандыру қорғанысымен жаппайды:
  - 1) Сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығымен (әскери, азаматтық немесе де-факто) не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлт меншігіне айналдыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иеленіп алуы, меншігіне немесе пайдалануына реквизициялауы.
  - 2) Кез келген өзге талаптарға қарамастан, Шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға таралмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай қамту, төлем, төлемақы немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез келген қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
3. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай ғана жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
4. Тараптар Ережелердің осы бабының 3-тармағына сәйкес Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған **Сақтандыру сыйлықақысының** бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.
5. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігіне және тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялары және/немесе шектеулері Сақтанушыға, оның: үлестес



тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.

6. Тараптар Ережелердің осы бабының 3-тармағына сәйкес Шартты біржақты бұзу кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/**Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға** тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.

#### **20-бап. Дауларды шешу тәртібі**

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (**Пайда алушы**) арасында туындайтын даулар тікелей тараптардың келіссөздері арқылы қаралады.
2. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.



**Евразия**  
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

**Зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің  
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ережелеріне  
№1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ  
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

серия \_\_\_\_ № \_\_\_\_

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ
САҚТАНДЫРУ ТҮРІ / ВИД СТРАХОВАНИЯ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ

Страхование гражданско-правовой ответственности за причинение вреда.  
Страхование гражданско-правовой ответственности работодателя за причинение вреда.  
Серия \_\_\_\_ № \_\_\_\_ от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года.

САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы ІВАН: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA BSN 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, ІВАН: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024
------------------------------	---

САҚТАНУШЫ / СТРАХОВАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА / ЗАСТРАХОВАННЫЙ	_____
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГОДОПРИБРЕТАТЕЛЬ	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественные интересы страхователя, связанные с его гражданско-правовой ответственностью по обязательствам, возникающим вследствие нанесения вреда жизни либо здоровью работника, в результате несчастного случая или профессионального заболевания при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей.

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере ____ % от страховой суммы. Франшиза — предусмотренное условиями страхования освобождение страховщика от возмещения ущерба, не превышающего определенного размера.
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	_____ _____ _____
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	_____ _____
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. <b>обе даты включительно</b>
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	_____
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, в десятидневный срок сообщает страхователю (застрахованному / выгодоприобретателю) в письменной форме о своем решении. Если страховщиком принято решение об отказе в страховой выплате, он обоснованно мотивирует причину отказа.
ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.

**Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жок.**

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзін хабарлаған мәліметтердің шынайлығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./  
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/

Страховщик (или его представитель):

АО «Страховая компания «Евразия»

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

Сақтанушы / Страхователь:

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

*Если подписант агент*

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИИН/БИН

телефон

М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.



**ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**1. Сақтанушы құқылы:**

1) Сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы бойынша және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;  
2) басқа да Қазақстан Республикасының заңдарындағы көзделген құқықтарға ие.

**2. Сақтанушы міндетті:**

1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.  
2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;  
3) полисті алмас бұрын Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес Сақтандырушының сақтандыру Полисін беру туралы шешім қабылдауы;  
4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалынатын сақтандыру шарттары туралы хабарлау;  
5) сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;  
6) сақтандыру шарты әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлап отыру;  
7) сақтандыру талаптарын сақтандырылған тұлғаларға жеткізу;  
8) сақтандыру жағдайының белгісі бар не сақтандыру жағдайына әкеп соғуы мүмкін кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап Сақтандырушыға осы Полисте көрсетілген мерзімде дереу хабарлау;  
9) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін немесе тоқтату үшін мүмкін болатын және нысаналы шаралардың барлығын қолдануға;  
10) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасына байланысты барлық ақпаратты ұсыну келтірілген шығынның көлемі мен сипатын себептері мен жағдайын ұсыну;  
11) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз ету.

**3. Сақтандырушы құқылы:**

1) Сақтанушы берген ақпараттар мен құжаттарды, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) осы полис талаптарын орындауын тексеру;  
2) Сақтандыру жағдайының белгісі бар кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, құзыретті органдарға сұраныс жіберу;  
3) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жұмыскерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;  
4) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан ақпарат талап ету;  
5) сақтандыру оқиғасы қасақана Сақтанушының немесе оның құзыретті адамының себебінен болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе сақтандыру оқиғасы деп танымау туралы жазбаша Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға / Пайда алушыға) хабарлау;  
6) кез-келген жағдайда сақтандыру қаупін тексеру, тексеріс жүргізу;  
7) тағы да басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен көрсетілген әрекеттер жасау.

**4. Сақтандырушы міндетті:**

1) Сақтанушының сақтандыру Ережелерімен таныстыруға;  
2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы сақтандыру Полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;  
3) Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарын азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;  
4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;  
5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:  
- Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингін агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;  
- Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;  
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.  
6. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.  
7. Осы талаптарда реттелмеген басқа да сұрақтан бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ сақтандыру Ережелерін басшылыққа алады.

**ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**

**1. Страхователь вправе:**

1) требовать от Страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;  
2) на иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

**2. Страхователь обязан:**

1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;  
2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;  
3) перед получением настоящего Полиса сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия Страховщиком решения о выдаче настоящего Полиса;  
4) письменно сообщать Страховщику обо всех заключенных и заключаемых Договорах страхования с другими страховыми компаниями;  
5) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные настоящим Полисом;  
6) информировать Страховщика о состоянии страхового риска;  
7) довести до сведения Застрахованных условия страхования;  
8) уведомлять Страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки, установленные настоящим Полисом;  
9) предпринимать все возможные и целесообразные меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;  
10) предоставлять Страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;  
11) обеспечить переход к Страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

**3. Страховщик вправе:**

1) проверять предоставленную Страхователем (Застрахованным) информацию и документы, а также выполнение Страхователем (Застрахованным) требований и условий настоящего Полиса;  
2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;  
3) запрашивать у соответствующих государственных органов и организаций, исходя из их компетенции, документы, подтверждающие факт наступления страхового случая и размер вреда, причиненного работнику;  
4) требовать от Страхователя или Застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;  
5) отказать в страховой выплате в случае умысла Страхователя или его уполномоченного лица, а также при невыполнении Страхователем условий настоящего Полиса, либо непризнания события страховым случаем, письменно уведомив об этом Страхователя (Застрахованного / Выгодоприобретателя);  
6) в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;  
7) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

**4. Страховщик обязан:**

1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования;  
2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым Полисом;  
3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;  
4) обеспечить тайну страхования;  
5) отказать в страховой выплате в случаях:  
- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ)  
- не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;  
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмывания денег и финансирования терроризма.  
6. Доказывание наступления страхового случая, а также причинных им убытков лежит на Страхователе.  
7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.  
8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами страхования гражданско-правовой ответственности работодателя за нанесение вреда АО «Страховая компания «Евразия».